

«Сырдария» университетінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі жұмыс жоспарының орындалуы туралы мәлімет

1. «Сырдария» университетінде тұрақты түрде білім алушылар үшін оқу жылының басында, ал оқытушы-профессор құрамы (ОПҚ) мен қызметкерлер үшін жұмысқа қабылдау кезінде университет Жарғысымен, ішкі тәртіп Ережелерімен, Академиялық саясат, Академиялық адалдық ережелерімен, Әдеп кодексімен танысу жүргізіледі.
2. Университетте жемқорлыққа қарсы күресті қалыптастыру, оған жол бермеу, сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттердің алдын алу мақсатында оқу топтарымен тәрбие сағаттары тұрақты түрде өткізіледі (2019-2020 жж.) <http://sirdariya.kz/>.
3. «Таза сессия» акциясы бойынша жылына екі рет, сессиядан соң студенттерге сауалнама жүргізіліп, нәтижесі талқыланады <http://sirdariya.kz/>.
4. 2019-2020 оқу жылының емтихан сессиялары кезеңінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және ескерту мақсатында университетте «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейді <http://sirdariya.kz/>.
5. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты ашық тәрбие сағаттары, вебинарлар, семинарлар, тренингтер, конкурстар тұрақты түрде өткізіледі (2019-2020 жж.) <http://sirdariya.kz/>.
6. Облыстық, аудандық құқық қорғау органы мамандарының қатысуымен «Жемқорлық - індет, күресу - міндет» атты семинарлар ұйымдастырылады (2019-2020 жж.) <http://sirdariya.kz/>.
7. Прокуратура, ішкі істер органдарының өкілдері, университеттің ОПҚ және білім алушылармен бірлескен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыптары бойынша кездесулер мен дөңгелек үстелдер үздіксіз өткізіледі <http://sirdariya.kz/>.
8. Университеттің білім беру бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт бойынша «Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні енгізілді <http://sirdariya.kz/>.
9. Университет тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен (Республикалық қоғамдық-саяси «7-Сыр», «Жаңа Жетісай» газеттері, «Санұр» телеарнасы) өзара іс-әрекет ұйымдастыру мақсатында арнайы рубрикалар құру, оларды үнемі жаңартып отыру ұйымдастырылған <http://portal.sirdariya.kz/>.

10. Университетте сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу, студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру мақсатында «**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стандарт нормалары**» тақырыбында «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісімен кездесулер өткізілді (қазан, 2020 жыл)<http://sirdariya.kz/>.

11. Университетте «ПОҚ студенттер көзімен» сауалнамасы тұрақты түрде өткізіліп келеді. Әр оқытушы бойынша нәтижелер кафедраларда талқыланады. Студенттерге талап қою, өзіндік жұмысты ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттер жоғары бағаланады <http://portal.sirdariya.kz/>.

12. «Сырдария» университетінің ресми сайтында <https://sirdariya.kz/kk/rector-blog> «Ректор блогы» қосымша парағы бар, онда барлық мүдделі тұлғалар тұрақты негізде өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алу мүмкіндігіне ие.

13. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында Республикалық деңгейде «**Адалдық - ашық диалог алаңы**» тақырыбында онлайн сұхбат ұйымдастырылады (2019-2020) <https://sirdariya.kz/kk/node/120>.

14. «Сенім жәшігі» барлық оқу ғимараттары мен Студенттер үйінде орнатылған. Жетісай аудандық «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі, «Jas Otan» Жастар қанатының Түркістан облыстық, Жетісай аудандық филиалы және «Nur Otan» партиясы өкілдерінің қатысуымен сенім жәшіктерін ашу жүргізілуде. Өтініштерге байланысты ректорат тиісті шешімдер қабылдайды.

15. Университет ТОО «Капитал Аудит» мекемесімен №2020-11 келісім шарт негізінде, үш жылдық (2017-2019 жылдар) қаржылық есептілік аудиттен өтті.

Қаржылық есептілік аудитінің мақсаты - Университеттің қаржылық есептілігінде елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (КЕХС) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделгеніне сенімділік алу, ақпаратты ашып көрсету, қолданылатын бухгалтерлік есеп принциптерін бағалау.

Аудит нәтижелері бойынша аудиторлар «Сырдария» университетінің 2017, 2018, 2019 жылдар кезеңіндегі қаржылық есептілігінің сенімділігі туралы оң баға берді.

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор



З.А.Сламбаева